

**Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіподақ ұйымында еңбек
занамасының орындалуына қоғамдық бақылау және құқық қорғау
жұмысын ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен
жұмыс туралы
АҚПАРАТ**

«Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіптік одақ ұйымы» қоғамдық бірлестігінің құрамына (әрі қарай - «Ұстаз» кәсіподақ ұйымы) 8 аудандық филиал, 36 559 кәсіподақ мүшелерін біріктіретін 434 бастауыш кәсіподақ ұйымы кіреді.

«Ұстаз» кәсіподақ ұйымы еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылауды және құқықтық қорғау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қызметінде ҚР Еңбек кодексін, ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңын, Кәсіподақ Жарғысын, Орталық комитеттің құқықтық қызмет туралы Ережесін және мүшелік ұйымдарда еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты басшылыққа алады.

Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес «Ұстаз» кәсіподақ ұйымымен жоспарланған іс-шаралар кестесі бекітілген. Нұсқаулыққа сәйкес білім беру ұйымдарының басшыларына қоғамдық бақылау жүргізу бойынша тапсырмалар мен хабарламалар уақтылы жолданған.

Қоғамдық бақылау жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар бойынша тиісті актілер ресімделген. Жұмыс берушілерге бұзушылықтарды жою туралы жазбаша ұсыныстар жіберілген.

Қоғамдық бақылау нәтижелері:

№	Көрсеткіштер	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж. I жж.
1	Қоғамдық бақылау жүргізілген ұйымдар саны	5	1	14
2	Анықталған еңбек заңнамасын бұзушылықтар, оның ішінде:	10	1	32
3	- еңбекақы төлеу бойынша	2	1	2
4	- еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша	1	-	28
5	- өзге мәселелер бойынша	7	-	2
6	Бұзушылықтарды жою бойынша берілген ұсыныстар	10	1	32

Құқықтық қорғау жұмыстарының ұйымдастырылуы бойынша:

Құқықтық қорғау жұмыстары құқықтық мәселелер жөніндегі маманның төрағамен бекітілген жыл сайынғы жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Құқықтық қорғау жұмыстары ауызша және жазбаша кеңес беру мен қоғамдық бақылаудан тыс кең ауқымды қызметті қамтиды. Атап айтқанда, бұл білім беру ұйымдарының басшыларымен семинарлар өткізу, ай сайынғы «Кездесуге қадам» акциясы аясында кәсіподақ мүшелері ұжымдарымен кездесулер өткізу, келісу комиссияларының мүшелерін оқыту, әдістемелік құралдар шығару және ақпараттық жұмыс жүргізу кіреді.

Құқықтық қорғау жұмыстарының көрсеткіштері:

№	Қызмет түрлері	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж. I жж.
1	Өтініштер саны	3653	1321	910 (21.05.2025ж.)
2	Келісу комиссияларында көрсетілген көмектер	2	1	1
3	Оқыту (семинарлар өткізу)	4	3	10
4	Келісу комиссияларының мүшелерін оқыту, адам саны	1348	2324	1414
5	Жасақталған әдістемелік ұсынымдар	-	-	3
6	Экономикалық тиімділік, теңге	65 334 338,4	41 861 660	Акт толтыру кезінде қорытынды шығарылмаған

Кеңес беру жұмысы ауызша және жазбаша түсіндірмелер беру түрінде жүзеге асырылады, яғни кеңес беру жұмысы жазбаша өтініштерге жауап беру түрінде жүргізіледі (құжаттар қолда бар және жылдар бойынша жүйелендірілген), телефон арқылы ауызша жауаптар беріледі (олар өтініштер журналына тіркелген), жеке қабылдау арқылы жүргізіледі (олар жеке қабылдау есебі журналына тіркелген).

Сондай-ақ WhatsApp, Facebook, Telegram сияқты әлеуметтік желілер арқылы кеңес беру және ақпараттық жұмыс жүргізіледі.

Оқыту семинарлары мына тақырыптар бойынша өткізілген: «Білім беру ұйымдарында ұжымдық шарт талаптарын іске асыру», «Еңбек қатынастары. ҚР еңбек заңнамасы (соңғы өзгерістерді ескере отырып)», «Орта білім беру ұйымдарының бухгалтерлері мен бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларына арналған жалақыны есептеу», «Ұйымның кадрлық құжаттары. Бұйрықтарды дайындау және рәсімдеу», «Келісу комиссиясы және еңбек даулары, келіссөз жүргізу және еңбек жанжалдарында консенсусқа қол жеткізу дағдылары».

«Педагогтердің жұмыс уақыты», «Педагог қызметкерді бір білім беру ұйымынан екінші білім беру ұйымына ауыстыру тәртібі», «2024-2026

жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісім» тақырыптарында әдістемелік ұсынымдар әзірленген.

Кәсіподақ мүшелеріне көрсетілген ақшалай көмектер аудандық филиал басшыларының есептерінде толық көрсетілген (аты-жөні, жұмыс орны, ұсталыну негізі және сомасы).

Ұсынылды: қоғамдық бақылау жүргізілетін ұйымдар санын арттыру, күнтізбелік жыл ішінде мүмкіндігінше «Ұстаз» кәсіподақ ұйымы құрамына кіретін әрбір ұйымды қамту; кәсіподақ белсенділері мен кәсіподақ ұйымдарының көшбасшыларын оқыту бойынша жұмыс жоспарларын айқындау.

**Орталық комитет аппаратының
құқықтық жұмыстар,
ЕҚЖЕҚ бөлімінің басшысы**

Р.Қыдырбаева